


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«БЕКІТЕМІН»

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
педагогикалық университетінің
ректоры

_____ **Ғ.Д. Сүгірбаева**

_____ **2021 ж.**

«30» маусым 2021 ж.
ОҚМПУ Ғылыми кеңесінде қаралды.
№10 хаттама, 30 маусым 2021 жыл.

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНА ТАЛАПКЕРЛЕРДІ
(БАКАЛАВР, МАГИСТРАТУРА, PhD ДОКТОРАНТУРА)
ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ**

Шымкент – 2021

Университеттің 2021-2022 оқу жылына талапкерлерді (бакалавр, магистратура, PhD докторантура) оқуға виртуальды қабылдау ережесі ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан оқуға қабылдау тәртібі белгіленген қолданыстағы бұйрықтар, ережелер, нұсқаулықтар, нормативтік құқықтық актілер негізінде жасалды. Талапкерлерді қабылдау ережесі ОҚМПУ Ғылыми кеңесінің 2021 жылдың 30 маусымдағы мәжілісінде қаралып, бекітілді. (№10 хаттама)

ӘЗІРЛЕГЕНДЕР:

1. Оқу және оқу әдістемелік істері жөніндегі проректор, т.ғ.к., профессор Б.Қ. Исабек
2. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі басшысы Мамаев К.С.
3. Кәсіптік бағдар және мансап орталығының басшысы, қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы құқық магистрі Ғ. Ш. Битұрсын
4. Қабылдау комиссиясы жауапты хатшысының орынбасары Қ.Қ. Наурызова
5. Дене шынықтыру және спорт факультетінің деканы, п.ғ.к., доцент Ө.Ж. Тұрысқұлов
6. Өнер және білім факультетінің деканы, п.ғ.к. А.Е. Байбатшаева

ТАЛАПКЕРЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІНІҢ БАҒЫТТАРЫ:

- **Қабылдау комиссиясы туралы жалпы ережелер**
- **Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына (бакалавриат) қабылдау ережесі**
- **Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі**
- **Магистратураға қабылдау ережесі**
- **PhD докторантураға қабылдау ережесі**

Ескерту: Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің талапкерлерді (бакалавр, магистратура, PhD докторантура) оқуға қабылдау Ережесі бойынша кейбір мәселелер туындаған жағдайда сілтемеде көрсетілген жалпыға ортақ қолданыстағы бұйрықтар, ережелер, нұсқаулықтар, нормативтік құқықтық актілердегі қағидалар негізге алынады.

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Білім алуға үміткерлерді (бакалавр, магистратура, PhD докторантура бойынша) қабылдауды ұйымдастыру, университетке түсушілердің құжаттарын (дәстүрлі және онлайн түрінде) қабылдау, Арнаулы және шығармашылық емтихандарын ұйымдастыру мен өткізу және білім алушыларды тіркеу мақсатында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде (әрі қарай - ОҚМПУ) қабылдау комиссиясы құрылып, талапкерлерге қызмет көрсетеді.

1.2 Қабылдау комиссиясының негізгі міндеті – азаматтардың (талапкерлердің) Қазақстан Республикасы Конституциясында белгіленген білім алу құқығын сақтауды, қабылдаудың барлық рәсімдерін жүзеге асырудың жариялылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

1.3 ОҚМПУ-нде білім берудің үш деңгейлі: бакалавр, магистратура, PhD докторантура жүйесі бойынша білім беріліп, мамандар дайындалады.

1.4 Қабылдау комиссиясы өз жұмысын атқару кезінде келесі құжаттарды:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын,
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-111 «Білім туралы» Заңын,
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығына сәйкес (2019 жылғы 14 маусымдағы №269 өзгертулер мен толықтырулар) «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқуға қабылдаудың типтік ережелерін»,
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 08 маусымдағы №237 бұйрығын;
- ЖОО-ға түсуші азаматтарды қабылдау «Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығын,
- Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, педагогтердің, білім беру ұйымдарының басқа да қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жариялаған пандемия кезеңінде COVID-19 коронавирустық инфекцияның (бұдан әрі – коронавирустық инфекция) таралуының алдын алу үшін Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 12 наурыздағы № 20 қаулысын,
- «Қашықтықтан оқыту жағдайында жиынтық жұмыстарды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «30» сәуірдегі № 168 бұйрығын,
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 28 маусымдағы № 287 бұйрығын,
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 сәуірдегі «Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында COVID-19

коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы» №140 бұйрығын,

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазан № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын,

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орындарының жоғары білім беру бағдарламалары бойынша құжаттарды қабылдау, гранттар тағайындау» туралы Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру Стандартын,

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім беруге гранттарды тағайындау, сондай-ақ жоғары білім беру ұйымдарында білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету» қызметіне өтініш бойынша Нұсқаулығын,

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын,

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын,

- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру және бөлу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2018 жылғы 12 қазандағы № 568 бұйрығын,

- Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығын,

- осы Ережені басшылыққа алады.

1.5 Университеттің қабылдау комиссиясының құрамы ректордың бұйрығымен бекітіледі. Қабылдау комиссиясының төрағасы ректор болып табылады.

1.6 Қабылдау комиссиясының құрамына оқу ісі жөніндегі проректор, факультет декандары, жауапты хатшы, жауапты хатшының орынбасары және қабылдау комиссиясы жұмыстарына қосалқы қызмет көрсететін бөлім басшылары мен бас мамандар кіреді.

1.7 Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы мен оның орынбасары университеттің білікті оқытушылары мен қызметкерлерінен тағайындалады.

1.8 Университеттің қабылдау комиссиясының құрамы комиссия төрағасының бекіткен жоспарға сәйкес жұмыс атқарады.

1.9 Қабылдау комиссиясының өкілеттілік мерзімі бір күнтізбелік жылды құрайды. Қабылдау комиссиясының жұмысы университеттің Ғылыми кеңесінде тыңдалатын қабылдау нәтижелері туралы есеппен аяқталады.

1.10 Кәсіптік бағдар жұмысын жүргізу арқылы ОҚМПУ-не талапкерлерді тарту үшін факультеттерде университеттің қабылдау комиссиясының басшылығымен жұмыс істейтін, студенттерді қабылдауды

ұйымдастыру жөніндегі штаб құрылады. Штабтың құрамына декан, декан орынбасарлары, кафедра меңгерушілері, оқытушылар, техникалық хатшылар кіреді.

1.11 Қабылдау комиссиясының жұмысын қамтамасыз ету үшін ректордың бұйрығымен университеттің оқытушылары, инженерлік-техникалық жұмысшылары мен оқу-көмекші қызметкерлерінен техникалық қызметкерлер құрамы бекітіледі.

1.12 Ректордың Қабылдау комиссиясы құрамын бекіту жөніндегі бұйрығы мамыр айының 10 жұлдызына дейін шығуы тиіс.

1.2 ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

1.2.1 Қабылдау комиссиясының жұмысын тыңғылықты ұйымдастыру тұлғаның конституциялық құқығын сақтауды және жоғары оқу орнына қабылдаудың мемлекеттік талаптарын орындауды қамтамасыз етеді.

1.2.2 Қабылдау комиссиясының жұмысы қабылдау комиссиясының төрағасы мен жауапты хатшысы қол қойған хаттамаларымен рәсімделеді.

1.2.3 Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы мен оның орынбасары алдын-ала әртүрлі ақпараттық материалдарды, қажетті құжаттама бланктерін, дайындайды, пәндік, емтихандық комиссиялардың, техникалық қызметкерлердің құрамын жасайды, қабылдау комиссиясы жұмысын атқаруға жұмыс бөлмелерін жасақтайды, мамандықтар мен білім беру бағдарламалары бойынша анықтамалық материалдарды көркемдейді, талапкерлерге толтыратын құжаттардың үлгілерін жасайды, құжаттарды сақтау үшін жағдай жасайды.

1.2.4 Қабылдау комиссиясы құжат қабылдауға дейін:

- университетке талапкерлерді қабылдау ережесін;
- жоғары оқу орнының лицензияларына сәйкес білім алушыларды (бакалавр, магистратура, PhD докторантура бойынша) қабылдайтын білім беру бағдарламаларының тізімін;
- жоғары кәсіптік білімі бар мамандарды дайындау мақсатында бекітілген мемлекеттік білім беру тапсырысына сай бірінші курсқа қабылдауға бөлінген білім беру топтары бойынша гранттар санын;
- «педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша оқуға түсуші талапкерлер үшін «арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды» ұйымдастыру және өткізу тәртібін;
- жоғары оқу орнына қабылдаудың жалпы ережесін дайындап, университет сайтына барлық ақпараттарды алдын-ала орналастырады.

1.2.5 әрбір талапкер үшін жеке іс-құжаттама арналады. Оның ішінде талапкердің өткізген барлық құжаттары мен ҰБТ немесе КТ тапсырғандығы туралы материалдар сақталады. Талапкерге құжат қабылдау жөніндегі қолхат беріледі.

1.2.6 Қабылдау комиссиясының студент (магистрант, докторант) қатарына қосу жөніндегі шешімдері оқуға қабылдаудың себебі көрсетілген хаттама арқылы рәсімделеді.

1.2.7 Қабылдау комиссиясының шешімі негізінде қабылдау комиссиясының жауапты хатшысының ұсынысы бойынша Ректор студенттердің, магистранттардың және докторанттардың қатарына қабылдау жөнінде Бұйрық шығарады.

1.2.9 Қабылдау комиссиясы:

- Құжаттарды қабылдау виртуалды қабылдау комиссиясы арқылы жүзеге асады;
- талапкерлердің құжаттарын қабылдайтын барлық бөлімшелердің жұмыс тәртібін үйлестіреді;
- ЖОО-на қабылдаудың Үлгі ережесіне сәйкес университетке азаматтардың құжаттарын қабылдаудың негізгі қағидалары мен ережелерін дайындайды;
- арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізетін комиссиялардың жұмысын қадағалайды;
- білім алушыларды қабылдауды ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз ететін техникалық, ақпараттық және тұрмыстық қызмет түрлерінің жұмысын бақылайды.
- мемлекеттік білім гранты конкурсына талапкерлердің өтініштерінің дұрыс тіркелуі үшін техникалық қолдау жасайды.
- талапкерлерден түскен **онлайн, офлайн** (аудио, видео қоңыраулар, смс, ммс) сұрақтарын қанағаттандыру үшін ОҚМПУ қабылдау комиссиясы «CALL-центр» қызметін және «Виртуалды қабылдау» формасын іске қосады;
- талапкерлердің өздері таңдаған білім беру бағдарламалары бойынша бағыт-бағдар беру және басқа жоғары оқу орындарымен байланыстыруға мүмкіндік жасау, қабылдау комиссиясының ZOOM платформасына қосылуға көмек беру сондай-ақ, интернет желісі арқылы анықтамалық мәліметтермен қамтамасыз етуді тұрақты жүзеге асырады.

1.3 ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫ ҚҰРАМЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

1.3.1 Қабылдау комиссиясының төрағасы:

- қабылдау комиссиясының барлық қызметін басқарады, білім алушылардың контингентін қалыптастыру бойынша заңнамалық актілер мен нормативтік құжаттарды ұстануға жауапты болады, комиссия құрамының қабылдау ережесін сақтауын қадағалайды;
- комиссия құрамын тағайындайды, комиссия мүшелеріне міндеттер жүктейді;
- ОҚМПУ қабылдау комиссиясының жоспары мен жұмыс кестесін, сондай-ақ қабылдауды материалды-техникалық қамтамасыз етудің жоспарларын бекітеді;
- Арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізудің формасы мен мазмұнын бекітеді;

- қолданыстағы заңнамалар мен нұсқаулықтар және министрліктің бұйрықтарына сәйкес қабылдау комиссиясы кезінде талапкердің әлеуметтік жағдайларын ескере отырып, оның мүддесін қолдауға бағытталған нақты шешімдер қабылдайды.

1.3.2 Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы:

- қабылдау комиссиясы құрамының жұмысын үйлестіреді және ұйымдастырады;

- орынбасарлар мен аға техникалық хатшылардың қызметтік міндеттерін белгілейді;

- қабылдау комиссиясының және қабылдау жүргізуді қамтамасыз ететін қызметкерлердің жұмыс режимін белгілейді, қабылдауға қатысты барлық қызмет түрін жеке бақылайды;

- ҚР жоғары оқу орындарына қабылдаудың Үлгілік қағидаларын басшылыққа ала отырып, университетке қабылдау Ережесін жасайды;

- университеттің қабылдау комиссиясының мүшелерін жоғары оқу орнына қабылдау Ережесімен, университетке қабылдаудың Ережесімен, талапкерлерді қабылдау жөніндегі нормативтік-нұсқаулық құжаттармен таныстырады;

- қабылдау комиссиясының жұмысын қамтамасыз ететін қызметтерді жедел басқаруды жүзеге асырады, университетке қабылдау Ережесін және білім алушылардың контингентін қалыптастыру жөніндегі өзге де нормативтік құжаттарды ұстануға жауапты болады;

- қабылдауды ұйымдастыру мен өткізуге қатысты бұйрықтарға ұсыныс береді;

- дайындық курсы, арнаулы емтихандарды, шығармашылық емтихандарды, әңгімелесулерді, сондай-ақ апелляциялық комиссияның жұмысын ұйымдастырады және бақылайды;

- пәндік емтихандық комиссиялардың жұмысын басқарады және оған жүйелі түрде қадағалау жасайды, апелляцияларды қарастыруға қатысады;

- ҰТО-ға қажетті ақпараттарды дер кезінде беруді қамтамасыз етеді.

1.3.3 Қабылдау комиссиясы жауапты хатшысының орынбасары:

- қабылдау комиссиясының жұмысын жандандыру мақсатында аға техникалық хатшыға, техникалық хатшылар мен басқа да жауапты қызметкерлерге нұсқау береді және орындалуын бақылайды;

- жауапты хатшының нұсқауымен қабылдау комиссиясы үшін барлық қажетті құжаттамаларды әзірлейді;

- қабылдау комиссиясының техникалық хатшыларына талапкерлерден құжат қабылдау технологиясы жөнінде нұсқау береді;

- қабылдау комиссиясының төрағасы мен жауапты хатшының тапсырмаларын тыңғылықты орындайды;

- жауапты хатшының тапсырмасына сәйкес соңғы өзгерістерді дер кезінде факультет декандарының, кафедра меңгерушілерінің, техникалық хатшылардың назарына ұсынып отырады.

1.3.4 Қабылдау комиссиясының мүшесі – факультет деканы:

- ОҚМПУға дарынды жастарды тарту үшін факультет пен кафедраларда кәсіптік бағдар жұмыстарын ұйымдастырады және басқарады;
- техникалық хатшылардың кандидатуралары және қабылдау жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының тізімі жөнінде ұсыныстар әзірлейді;
- білім беру бағдарламаларына қысқартылған бағдарламалар бойынша түсетін талапкерлермен әңгімелесулер өткізеді;
- факультеттің жетекші оқытушылары арасынан апелляциялық комиссия құрамына, педагогикалық ғылымдар білім беру саласы бойынша түсуші талапкерлер үшін арнаулы емтихандар және шығармашылық емтихандарды қабылдау бойынша комиссия құрамын бекітуге ұсынады;
- қабылдау комиссиясының төрағасы бекіткен «арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу туралы» ереже талаптарының қатаң сақталуына жауапты болады.

1.3.5 Аға техникалық хатшы:

- қабылдау комиссиясының жұмысын материалды-техникалық базасымен қамтамасыз ету бойынша өтініштерді қалыптастырады;
- қабылдау комиссиясының құжаттамалар үлгілерін дайындау және көбейту жұмыстарына жауапты болады;
- қабылдау комиссиясының жауапты хатшысының және жауапты хатшының орынбасарының тапсырмаларын дер кезінде тыңғылықты орындайды;
- ЖООКББ бағдарламалары бойынша қабылдау емтихандарының кестелерін әзірлейді;
- талапкерлерге құжат тапсыру сондай-ақ, арнаулы және шығармашылық емтихандарды тапсыру тәртібі бойынша кеңес береді;
- дәрісханаларды тестілеу өткізуге дайындайды;
- қабылдау комиссиясының іс жүргізу қағаздарын ұйымдастырады, қабылдау комиссиясы мәжілістерінің хаттамаларын жүргізеді; құжаттарының сақталуын қамтамасыз етеді;
- университет мұрағатына білім алушыларды (студенттерді, магистранттарды, докторанттарды) бірінші курсқа қабылдау жөніндегі қабылдау комиссиясы мәжілістерінің хаттамаларын, қабылдау комиссиясының жұмысы жөніндегі есепті және өзге де құжаттарды тапсырады.

1.3.6 Инженер - программист (бағдарламашы):

-Виртуалды қабылдау комиссиясының жұмысының жүйелі түрде жүруіне және қабылдау комиссиясына қатысты ақпараттардың университет сайтына ссалынып отыруына жауапты;

- ЖОО-ның ерекшелігіне сәйкес бағдарламалық кешеннің дайындық және икемдеу жұмыстарын жүргізеді;

- қабылдау комиссиясының жауапты хатшысының және жауапты хатшының орынбасарының тапсырмаларын дер кезінде тыңғылықты орындайды;

- күн сайынғы өтініштерді қабылдау бойынша статистикалық ақпараттарды қалыптастырады;

- өтініштерді тіркеу журналы мен желілік ЖОО-ның техникалық хатшысы журналын қалыптастырады және оларға береді;

- мемлекеттік білім гранты конкурсына талапкерлердің өтініштерінің дұрыс тіркелуі үшін техникалық қолдау жасайды;

- 2021-2022 оқу жылында қабылдау комиссиясы жұмысының онлайн режимі арқылы қабылдау тәртібіне өтуіне байланысты кейбір туындаған сұрақтар бойынша техникалық хатшыларға және қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (орынбасарына) техникалық қолдау көрсетіп отырады.

1.3.7 Техникалық хатшы:

- қабылдау комиссиясының жауапты хатшысының және жауапты хатшының орынбасарының, факультет деканының және аға техникалық хатшының тапсырмаларын дер кезінде тыңғылықты орындайды;

- Онлайн және оффлайн түрде құжаттарды қабылдауды, тіркеуді, сақталуды, тапсырылуды жүзеге асырады және олардың растығын қадағалайды;

- құжат қабылдауды онлайн немесе оффлайн түрде жүзеге асырады, құжаттарды белгіленген үлгідегі журналға тіркейді және қолхат береді;

- оқуға қабылдау өтініштерінің дұрыс толтырылуына жауапты болады;

- «Univer» ақпараттық жүйесіндегі «Талапкер» базасына мәліметтерді ағымдағы жылдың 01 қыркүйегіне дейін енгізеді және оның дұрыстығына жауапты болады;

- күн сайын құжат қабылдау аяқталғанда қабылдау комиссиясына ақпарат үшін белгіленген үлгіде құжат қабылдау барысы жайлы мәліметтер мен басқа (қабылдау комиссиясының тапсырмасы бойынша) статистикалық мағлұматтарды ұсынады;

- Студенттік кеңсеге университетке қабылданған талапкерлердің жеке іс-құжаттарын ағымдағы жылдың 01 қыркүйегінен кешіктірмей тапсырады.

(бакалавриат) қабылдау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетіне (Университет) бакалавриаттың білім беру бағдарламаларына қабылдау ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанындағы №600 бұйрығымен «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» негізінде әзірленген.

2. Университетке білім алушыларды қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау арқылы және мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

3. Университетке жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар адамдар қабылданады.

4. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға қабылдау үшін қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижесі бойынша – кемінде 50 балл, ал "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша – кемінде 75 балл жинаған адамдар жіберіледі.

Бұл ретте ҰБТ-ның әр пәні бойынша және (немесе) шығармашылық емтиханнан кемінде 5 балл алу қажет.

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға арналған жоғары білімнің беру грантын беру конкурсына қатысу үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша кемінде 25 балл, оның ішінде ҰБТ-ның әрбір пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинаған адамдар жіберіледі.

ҰБТ-ны электрондық форматта өту кезінде республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына оқуға түсуші осы тармақта көрсетілген қажетті балл саны бар ҰБТ-ның екі нәтижесінің бірімен қатыса алады.

4-1. SAT (ЭсЭйТи – SAT), ACT (ЭйСиТи), IB (АйБи) халықаралық стандартталған тест сертификаттары бар тұлғалар білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысады және немесе осы Үлгілік қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес жоғары оқу орындарына ақылы бөлімге қабылданады. SAT (CAT) балдарын ҰБТ-ға ауыстыру SAT reasoning (CAT ризонинг) және SAT subject (CAT сабджект) сертификаттары болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Бұл ретте SAT subject (CAT сабджект) нәтижелерін ҰБТ балына ауыстыру бейінді пәндер сәйкес келген жағдайда ғана жүргізіледі.

5. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға қабылданады.

"Орта буын маманы" немесе "қолданбалы бакалавр" біліктілігін алған, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар университетке қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша ақылы негізде оқуға түсушілерді қабылдауды ОҚМПУ-дың қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

Университетке жоғары білімі бар адамдарды қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларына ақылы негізде қабылдауды ОҚМПУ-дың қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

6. Шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5(бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

7. Университетке түсушілерді қабылдау "Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4991 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша белгіленген үлгідегі сертификат және (немесе) үміткердің бірегей деректері бар ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) нәтижелерін растайтын Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайтында жарияланатын электрондық сертификат (бұдан әрі – ҰБТ сертификаты) балдарына сәйкес олардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

8. ОҚМПУ-дың Басқарма төрағасы-Ректордың шешімімен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына ОҚМПУ-дың басшысы, проректорлар, құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен профессорлық-оқытушылық құрамының өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясы құрамының саны тақ санды құрайды. Қабылдау комиссиясының төрағасы университеттің Басқарма Төрағасы-Ректор болып табылады. Басқарма төрағасы-Ректордың бұйрығымен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы тағайындалады.

АРНАУЛЫ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

9. Арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтары бойынша, оның ішінде "Педагогикалық ғылымдар" білім беру салалары бойынша оқуға қабылдау арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

10. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін Басқарма төрағасы-Ректордың шешімімен емтиханды өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады.

Комиссияның құрамына профессорлық-оқытушылық құрамның қатарынан университет өкілдері, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді. "Өнер" және "Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау" даярлау бағыттары бойынша шығармашылық емтихандар жөніндегі комиссияның құрамына тиісті бейінді білімі бар және мәдениет және спорт саласындағы жергілікті уәкілетті орган ұсынған адамдар да кіреді.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

Комиссия тақ саннан тұрады және комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен комиссиясының төрағасы сайланады. Комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

11. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу осы осы Ережедегі 1-қосымшаға сәйкес Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жүзеге асырылады.

Арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсуші адамдар арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар тапсыру үшін ОҚМПУ-дың қабылдау комиссиясына мынадай құжаттар тапсырады:

1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжат (төлнұсқа);

2) 3 x 4сантиметр көлеміндегі 2 фотосурет;

3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) ҰБТ сертификаты (бар болса);

5) "Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1) тармақшасында белгіленген спорттық разрядтар және (немесе) спорттық атақтардың бірінің бар болуын растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса) тапсырады.

12. Шығармашылық емтихан тапсыру үшін түсушілерден өтініштерді қабылдау ОҚМПУ-да күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 7 шілдесі аралығында жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылғы 8-13 шілде аралығында өткізіледі.

ҰБТ-ны электрондық форматта өткізу кезінде шығармашылық емтихан тапсыру үшін оқуға түсушілерден өтініштерді қабылдау ЖЖОКБҰ-да күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 7 шілдесі аралығында жүзеге асырылады.

ҰБТ-ны электрондық форматта өткізу кезінде шығармашылық емтихан күнтізбелік жылғы 8-13 шілде аралығында өткізіледі.

13. Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсуші адамдар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

Осы Ережедегі 2-қосымшаға сәйкес арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды өткізу нысаны бекітіледі.

14. ҰБТ-ны электрондық форматта өткізу кезінде түсушілердің құжаттарын қабылдау және "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша ОҚМПУ-да арнаулы емтихан өткізу күнтізбелік жылдың 20

маусымы мен 20 тамызы аралығындағы кезеңде онлайн форматта жүзеге асырылады.

15. Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына оқуға түсуші адамдар өздері тандаған ЖЖОКБҰ-ларда шығармашылық емтиханды тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына түсуші адамдар үшін арнайы пәннен балдары ескеріледі.

16. "Педагогикалық ғылымдар" білім беру салалары бойынша университетке түсуші адамдар ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиялары өткізетін бір арнаулы емтихан тапсырады.

"Педагогикалық ғылымдар" білім беру салалары бойынша ЖЖОКБҰ-ға түсуші адамдар үшін Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі), екі бейіндік пән бойынша балдар ескеріледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша "Педагогикалық ғылымдар" білім беру салалары бойынша университетке түсуші адамдар үшін жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша балдар ескеріледі.

17. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды өткізу бағдарламалары университетте әзірленеді және университеттің қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

18. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты, емтихан тапсыру орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі және ОҚМПУ-дың ресми интернет-ресурсында жарияланады.

19. Оқуға түсуші арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға (орынға) жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткенде жіберіледі.

Бұл ретте арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудио жазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

20. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақты ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді

жариялаудың уақыты мен орны және апелляцияға өтініштер беру рәсімі көрсетіледі.

21. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 45 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

"Педагогикалық ғылымдар" білім беру салалары бойынша оқуға түсушілер үшін арнаулы емтихан "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады.

22. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау ведомосымен, арнаулы емтиханды өткізу қорытындылары рұқсат беру ведомосымен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді және қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

23. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

24. "Педагогикалық ғылымдар" білім беру салалары бойынша арнаулы емтихандардың нәтижелері бойынша түсушіге арнаулы емтихан тапсыру орнына қарамастан университетке ұсыну үшін рұқсат беру ведомосынан үзінді беріледі.

25. Емтихандарды өткізу кезеңіне арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында әрбір ОҚМПУ-дың Басқарма төрағасы-Ректор бұйрығымен төрағасын қосқанда тақ санныан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

26. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнаулы немесе шығармашылық емтихан тапсырған адам өзі тапсырады, ол арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

27. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

28. Университетке республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін және (немесе) ақылы негізде университетке оқуға қабылдау үшін арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның қорытындысын арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан аяқталған күні Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне береді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНЕ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

29. Университетке қабылдау үшін көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге (ОҚМПУ-дың қабылдау комиссиясы арқылы) немесе www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы келесі құжаттар топтамасын ұсынады.

29.1 ОҚМПУ-дың қабылдау комиссиясына жүгінген кезде:

- 1) ОҚМПУ-дың Басқарма төрағасы-Ректордың атына еркін нысандағы өтініш;
- 2) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі туралы құжат (төлнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);
- 4) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосурет;
- 5) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;
- 6) Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады.
- 6) ҰБТ сертификатын;
- 7) ведомостан үзіндіні (арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде "Педагогикалық ғылымдар" салалары бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін);
- 8) білім беру грантын тағайындау туралы электрондық куәлік.

I және II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған

жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары басым құқық пен квота беруді растайтын құжаттарды қосымша ұсынады.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірін қосымша тапсырады.

Осы 1) тармақшада көрсетілген құжат көшірмесімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

29.2 «Электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы арқылы келесі құжаттар ұсынылады:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) немесе жоғары білімі туралы құжаттардың электрондық көшірмесі (ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда);

3) 3x4 көлеміндегі цифрлық фото;

4) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;

Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады.;

5) ҰБТ сертификаты;

6) білім беру грантын беру туралы электрондық куәлік.

Жеке басын куәландыратын құжат туралы, жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) білімі туралы мәліметтерді, медициналық анықтама, ҰБТ электрондық сертификаты және білім беру грантын беру туралы электрондық куәлік (ақпараттық жүйелерде болған жағдайда) көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ақпараттық жүйе арқылы алады.

Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда қызмет берушіге университетке қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 10 мен 25 тамызы аралығында ұсынады.

Құжаттарды қабылдағаннан кейін университет басшысы көрсетілетін қызметті алушыны университет студенттерінің қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

29-3. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

29-4. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының

шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

29-5. Түсушілерді қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде оқу үшін ОҚМПУ-дың студенттері қатарына қабылдау ОҚМПУ-дың басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен ОҚМПУ-дың қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылғы 10 мен 25 тамыз аралығында өткізеді.

30. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімді кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, осы Үлгілік қағидалардың 4-тармағында белгіленген шекті балл алмаған (ҰБТ нәтижесі бойынша), бейінді пәндер комбинациясы сәйкес келмейтін ҰБТ нәтижелері бар, ҰБТ нәтижелері жойылған орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар Университетке күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылданады.

ОҚМПУ-да академиялық оқу кезеңі аяқталғаннан кейін осы тұлғалар жыл бойы ҰБТ-ны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларында белгіленген мерзімде тапсырады.

31. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері куәлікте көрсетілген университетке қабылдау туралы өтініш береді және ОҚМПУ басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен студенттер қатарына қабылданады.

ОҚМПУ-да шығармашылық емтихан тапсырған шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері ОҚМПУ-ға қабылданады.

Мемлекеттік грант негізінде оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары "Маманды жұмысқа жіберу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған азаматтарды жұмысын өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларын бекіту және "Білім беру грантын беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 390 қаулысында белгіленген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды.

32. № 204 бұйрықпен белгіленген мерзімге сәйкес ҰБТ тапсырған ағымдағы жылғы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар және осы Ережеде белгіленген шекті балды жинаған адамдар жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі ОҚМПУ-дың басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде университетке қабылдау туралы өтініш береді.

Бұл ретте орта білімді ұйымдардың бітіруші 11 (12) сыныптың білім алушылары күнтізбелік жылғы 1 ақпан мен 25 тамыз аралығы кезеңінде жалпы орта білім туралы құжат алғанға дейін ОҚМПУ-дың басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде университетке қабылдау туралы өтініш береді.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат алғаннан кейін оқуға түсушілер осы Ереженің 29-тармағында белгіленген тізбеге сәйкес құжаттарды тапсырады.

33. Осы Ереженің 5-тармағында көзделген ҰБТ-ның нәтижелері бойынша осы Үлгілік қағидалардың 4-тармағында белгіленген шекті балды жинаған адамдар ЖЖОКБҰ-ның басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде университетке қабылдау туралы өтініш береді.

Өтінішке ҰБТ сертификаты мен уәкілетті адамның қолы қойылған және мөрмен бекітілген транскрипт көшірмесі қоса беріледі.

Осы Үлгілік қағидалардың 11, 29, 32, 33-тармақтарында белгіленген құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда қабылдау комиссиясы оқуға түсушіден құжат қабылдамайды.

34. Университетке қабылдау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары мен тілдік бөлімдері бойынша жеке жүргізіледі.

Шығармашылық емтихандар белгіленген жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау, қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, осы емтихандар бойынша алынған балдар есепке алына отырып жүргізіледі.

"Педагогикалық ғылымдар" саласы бойынша қабылдау арнаулы емтихан нәтижелері есепке алына отырып жүргізіледі.

35. Оқуға түсуші екінші деңгейдегі банктер беретін білім беру кредитін ресімдеген жағдайда, ол құжаттарының қаралып жатқандығы туралы банктен тиісті анықтаманы ұсынған кезде ОҚМПУ-дың студенттері қатарына қабылданады.

Бұл ретте оған білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген және азаматты оқуға қабылдауға дейін төленуі тиіс соманы төлеу мерзімі білім

беру кредитін ресімдеу кезеңіне, бірақ банктен анықтама алған кезден бастап 4 (төрт) аптадан асырылмай ұзартылады.

36. Шет тілінде берілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалдық куәландырылған аудармасы болуы тиіс.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

37. Университет қабылдау аяқталғаннан бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға ОҚМПУ-ға студенттерді қабылдау бойынша қорытынды есеп ұсынады.

Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі

Білім беру бағдарламалары топтарының нөмірі	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы
Арнаулы дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары	
B001	Педагогика және психология
B002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
B003	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
B008	Құқық және экономика негіздері мұғалімдерін даярлау
B009	Математика мұғалімдерін даярлау
B010	Физика мұғалімдерін даярлау
B011	Информатика мұғалімдерін даярлау
B012	Химия мұғалімдерін даярлау
B013	Биология мұғалімдерін даярлау
B014	География мұғалімдерін даярлау
B015	Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау
B016	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
B017	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
B018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау
B019	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау
B020	Арнайы педагогика
Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары	
B004	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау
B005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау
B006	Музыка мұғалімдерін даярлау
B007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау
B031	Сән, дизайн

Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның өткізу формасы

Білім беру бағдарламалары топтарының нөмірі	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы	Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның өткізу формасы
1	2	3
Арнаулы дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары		
B001	Педагогика және психология	Педагогикалық жағдаятты шешу
B002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Педагогикалық жағдаятты шешу
B003	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	Педагогикалық жағдаятты шешу
B008	Құқық және экономика негіздері мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B009	Математика мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B010	Физика мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B011	Информатика мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B012	Химия мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B013	Биология мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B014	География мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B015	Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B016	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B017	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B019	Өлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B020	Арнайы педагогика	Педагогикалық жағдаятты шешу

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары			
1	2	3*	4
B004	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау	Спорт түрлері бойынша нормативтер	Спорт ойындары
B005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	Мамандану бойынша нормативтер	Жалпы дене даярлығы бойынша нормативтер
B006	Музыка мұғалімдерін даярлау	Орындау шеберлігі	Жалпы музыкалық қабілетін көрсету
B007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	Сурет (адам бетінің гипстен жасалған маскасының суреті)	Кескіндеме (натюрморт)
B031	Сән, дизайн	Сурет, кескіндеме.	Композиция немесе сызу.

SAT (ЭсЭйТи – CAT), ACT (ЭйСиТи), IB (АйБи) балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы Халықаралық стандартталған SAT тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

SAT халықаралық стандартталған тест		ҰБТ	
Тест түрлері	Баллдар	Тест түрлері	Баллдар
SAT reasoning (CAT ризонинг)	1 050 балдан кем емес	1 блок (міндетті пәндер)	60
SAT subject (CAT сабджект)	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша 650 балдан кем емес*	2 блок (2 бейінді пән)	80

* "ағылшын тілі" пәні үшін IELTS нәтижелері ескеріледі

Ескерту: SAT балдарын ҰБТ-ға ауыстыру тек бір уақытта SAT subject және SAT reasoning сертификаттары болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. SAT subject нәтижелерін ҰБТ балына ауыстыру бейінді пәндер сәйкес келген жағдайда ғана жүргізіледі.

ACT стандартталған тестінің халықаралық сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

ACT халықаралық стандартталған тест		ҰБТ	
Тест бөлімдері	Баллдар	Тест түрлері	Баллдар
English Mathematic Reading	әрбір бөлім бойынша кемінде 18 балл	1 блок (міндетті пәндер)	60
Science (биология, география, химия, физика)	кемінде 18 балл*	2 блок (2 бейінді пән)	80

* "ағылшын тілі" пәні үшін IELTS нәтижелері ескеріледі.

IB Халықаралық бакалавриат бағдарламасының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

№	Пәндер/ бағалар	IB						
		1	2	3	4	5	6	7
1	Қазақ тілі (оқу сауаттылығы)	6	9	12	15	17	19	20
2	Қазақ тілі (бейіндік пән)	12	18	24	30	34	38	40
3	Орыс тілі (оқу сауаттылығы)	6	9	12	15	17	19	20
4	Орыс тілі (бейіндік пән)	12	18	24	30	34	38	40
5	Қазақстан Тарихы	6	9	12	15	17	19	20
6	Математика (Математикалық сауаттылық)	6	9	12	15	17	19	20
7	Математика (бейіндік пән)	12	18	24	30	34	38	40
8	Бейіндік пәндер	12	18	24	30	34	38	40

МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

Жалпы ережелер

1. «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің 2021-2022 оқу жылына магистратура білім беру бағдарламаларына қабылдау ережелері» (бұдан әрі – Ережелер) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 11) тармақшасына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына 2-қосымшамен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына» сәйкес әзірленді.

2. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетіне (бұдан әрі – ОҚМПУ) магистранттарын қабылдау ғылыми-педагогикалық және бейінді бағыттар бойынша кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

ОҚМПУ магистратурасына оқуға қабылдаудың тәртібі

3. Магистратураға тұлғаларды қабылдау кешенді тестілеу (бұдан әрі – КТ) немесе түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Магистратураға шетелдіктерді қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығы магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаларды есепке алмағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

4. Шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау ОҚМПУ қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесудің нәтижесі бойынша күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады. Бұл ретте, шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбесіне сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 5 (бес) күнге дейін жүргізіледі.

5. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен танылады.

Шет тіліндегі құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге беріледі.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

6. Құжаттарды қабылдау және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін ОҚМПУ-да қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы ОҚМПУ ректоры немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

Қабылдау комиссиясының құрамы және қызметі ОҚМПУ ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

Магистратураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы:

1) түсушілерге таңдаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беруді, КТ және / немесе түсу (шығармашылық) емтиханының рәсімімен таныстыруды;

2) араб тілінен түсу емтиханын және (немесе) білім беру бағдарламаларының тобы бойынша шығармашылық емтихандарды өткізуді ұйымдастыруды жүзеге асырады.

7. ОҚМПУ магистратурасына түсушілердің өтініштерін қабылдауды ОҚМПУ қабылдау комиссиялары және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы күнтізбелік жылдың 1 маусымы мен 15 шілдесі аралығында жүргізіледі.

Магистратураға түсушілерге шығармашылық емтихандар ОҚМПУ-да күнтізбелік жылдың 16-25 шілдесі аралығында өткізіледі.

Магистратураға қабылдау күнтізбелік жылдың 20-28 тамызы аралығында жүргізіледі.

Магистратураға қабылдау және шығармашылық емтихандар мен КТ-ні өткізу

8. Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын игерген тұлғалар қабылданады.

9. Магистратураға түсуші адамдар күнтізбелік жылдың 1 маусымы мен 15 шілдесі аралығында ОҚМПУ қабылдау комиссиясы немесе «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы құжаттарды тапсырады.

9.1 ОҚМПУ қабылдау комиссиясына келесі құжаттар ұсынылады:

1) ЖЖОКБҰ басшысының атына еркін түрде өтінішті;

2) жоғары білімі туралы құжатты (түпнұсқа);

3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

4) 3x4 сантиметр өлшемді алты фотосурет;

5) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;

Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады.

б) шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат (ағылшын, француз, неміс) International English Language Tests System (IELTS, шекті балл - кемінде 6,0), IELTS INDICATOR (АЙЛТС Индикатор) шекті балл – кемінде 6,0, Test of English as a Foreign Language Institutional Testing

Programm (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи) шекті балл – кемінде 543, Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT, шекті балл – кемінде 60), Test of English as a Foreign Language paper-based testing, (TOEFL PBT, шекті балл – кемінде 498, Deutsche Sprachpruefung fuerden Hochschulzugang (DSH, Niveau C1/деңгейC1), TestDaF–Pruefung (Niveauc1/C1 деңгейі), Test de Franzais International ™ (TFI-оқу және тыңдау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес), Diplome d' Etudes en Langue Franzaise (DELF, B2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue franzaise (DALF, C1 деңгейі), Test de connaissance du franzaais (TCF – кемінде 50 балл) (болған жағдайда) (бар болған жағдайда);

7) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек стажы бар адамдар үшін);

8) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда).

Осы тармақтың 6) және 7) тармақшаларда көрсетілген құжаттар көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

9.2 «Электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы арқылы келесі құжаттар ұсынылады:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) жоғары білім туралы электрондық құжат;

3) шет тілінен тест тапсырғаны туралы электрондық сертификат (ағылшын, неміс, француз тілдері) International English Language Tests System (IELTS, шекті балл - кемінде 6,0), IELTS INDICATOR (АЙЛТС Индикатор) шекті балл – кемінде 6,0, Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи) шекті балл – кемінде 543, Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT, шекті балл – кемінде 60), Test of English as a Foreign Language paper-based testing, (TOEFL PBT, шекті балл – кемінде 498, Deutsche Sprachpruefung fuerden Hochschulzugang (DSH, Niveau C1/деңгейC1), TestDaF–Pruefung (Niveauc1/C1 деңгейі), Test de Franzais International ™ (TFI-оқу және тыңдау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес), Diplome d' Etudes en Langue Franzaise (DELF, B2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue franzaise (DALF, C1 деңгейі), Test de connaissance du franzaais (TCF – кемінде 50 балл) (болған жағдайда);

4) еңбек қызметін растайтын электрондық құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);

5) көлемі 3x4 сантиметр сандық фото;

6) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;

Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше

жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады.

7) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда).

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама көрсетілетін қызметті берушіге тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы «жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызмет берушіге құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда университетке қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейінгі мерзімде ұсынады.

Құжаттарды қабылдағаннан кейін ОҚМПУ ректоры көрсетілетін қызмет алушыны ОҚМПУ магистранттарының қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

10. Көрсетілетін қызметті беруші «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

12. Магистратураға түсуші тұлғалар шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тесттен тұратын КТ тапсырады.

Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға түсуші тұлғалар ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен және оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі тесттен тұратын КТ тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар:

1) шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тесттен тұратын КТ;

2) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша екі шығармашылық емтихан тапсырады.

13. КТ өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18657 болып тіркелген) бекітілген Кешенді тестілеу өткізудің қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

КТ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - ҚР БҒМ) айқындайтын КТ өткізу пункттерінде ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығы өткізеді.

КТ нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығының сайтында расталады.

Түсу (шығармашылық) емтихандарын және КТ-ны тапсырған жылы оларды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихандар осы Үлгілік қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өткізіледі.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихандар ОҚМПУ-да дербес өткізіледі. Бұл ретте түсушілер шығармашылық емтиханды жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша ОҚМПУ-да тапсырады.

Магистратураға шығармашылық емтиханды өткізу кезеңінде ОҚМПУ-да шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының

тобы бойынша емтихан комиссиясы құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

Емтихан комиссияларының құрамы тиісті бейінге сәйкес ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі бар немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар ОҚМПУ профессор-оқытушылық құрамының қатарынан комиссия төрағасын комиссия мүшелерінің арасынан сайлау арқылы қалыптастырылады және ОҚМПУ ректоры немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

Шығармашылық емтихандарын өткізу бағдарламалары ОҚМПУ-мен әзірленіп, ОҚМПУ қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

Шығармашылық емтихандардың кестесін (емтихан өткізу нысаны, күні, уақыты мен өткізу орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және түсушілердің назарына құжат қабылдау уақытынан кешіктірілмей жеткізіледі.

Шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудиожазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

Шығармашылық емтихан өткізу қорытындысының баға ведомосы еркін түрде комиссия хаттамасымен рәсімделеді және нәтижелерді хабарлау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төрағаның және барлық қатысқан комиссия мүшелерінің қолы қойылады.

ОҚМПУ күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға еркін нысанда шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ шығармашылық емтихан қорытындылары туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

Шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша түсушіге шығармашылық емтиханды тапсыру орнына қарамастан, оқуға ақылы негізде түсу үшін ведомостан үзінді беріледі.

14. Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын бір халықаралық сертификаттары бар тұлғалар мынадай тілдер бойынша магистратураға КТ-ның шет тілі бойынша тестінен босатылады:

ағылшын тілі: International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС), шекті балл – кемінде 6.0;

IELTS INDICATOR (АЙЛТС Индикатор), шекті балл – кемінде 6,0;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи), шекті балл – кемінде 543;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл – кемінде 60;

TOEFL PBT (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер бэйсед тэстинг) Test of English as a Foreign Language Paper-based testing, шекті балл – кемінде 498;

неміс тілі: Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган) (DSH, NiveauC1/C1 деңгейі), TestDaF-Prüfung (тестдаф-прюфун) (NiveauC1/C1 деңгейі);

француз тілі: Test de Francais International™ -Тест де франсэ Интернациональ (TFI (ТФИ) – оқу және тыңдалым секциялары бойынша В1 деңгейден төмен емес), Diplome d'Etudes en Langue francaise - Диплом дәтюд ан Ланг франсэз (DELF (ДЭЛФ), В2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue francaise – Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз (DALF (ДАЛФ), С1 деңгейі), Test de connaissance du francais - Тест де коннэссанс дю франсэ (ТСФ) – кемінде 50 балл).

«Педагогикалық ғылымдар» даярлау бағыты бойынша магистратураға түсуші тұлғалар Ережелердің 2-қосымшасына сәйкес балдармен Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) GRE стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда оқыту қазақ немес орыс тілінде жүргізілетін магистратураға түсу үшін КТ-дан босатылады.

«Педагогикалық ғылымдар» даярлау бағыты бойынша магистратураға түсуші тұлғалар Ережелердің 3-қосымшасына сәйкес балдармен Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) GRE стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға түсу үшін КТ-ден босатылады.

Білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды тапсыру кезінде, сондай-ақ университетке қабылдау кезінде ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығын және жарамдылық мерзімін ОҚМПУ қабылдау комиссиясы тексереді.

Осы тармақта көрсетілген шет тілі (ағылшын, француз, неміс) бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттардың біреуі бар тұлғаларға республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін өтініш берген кезде, сондай-ақ ақылы негізде университетке қабылданған кезде 50 балл есептеледі.

Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға КТ тестілеуінің «Шет тілі» (ағылшын тілі) бөлімін тапсырудан босатылады.

15. Магистратураға түсушілер өтініште білім беру бағдарламаларының бір тобын және 3 (үш) ЖЖОКБҰ-ға дейін көрсетеді.

КТ, түсу (шығармашылық) емтихандарының нәтижелері өткізілген күні жарияланады.

Апелляциялық комиссия жұмысы

16. ОҚМПУ түсу (шығармашылық) емтихандарын өткізуге күнтізбелік жиырма күн қалғанға дейін ҚР БҒМ-ге магистратура білім беру бағдарлама-

ларының топтары бойынша түсу (шығармашылық) емтихандарын өткізудің кестесін жібереді.

17. Түсу (шығармашылық) емтиханының нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарастыру үшін ОҚМПУ және ғылыми ұйымдарда апелляциялық комиссиялар құрылады. ЖЖОКБҰ-дағы апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

КТ нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарастыру үшін ҚР БҒМ жанында Республикалық апелляциялық комиссия құрылады. Республикалық апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы ҚР БҒМ бұйрығымен бекітіледі.

КТ-ны қағаз форматта жүргізген кезде әр КТ өткізу пунктінде апелляциялық комиссиялар құрылады. Апелляциялық комиссиялардың төрағалары ҚР БҒМ бұйрығымен бекітіледі.

18. Республикалық апелляциялық комиссия магистратураға түсетін тұлғалардың тест тапсырмаларының мазмұны мен техникалық себептері бойынша өтініштерін қарайды.

Апелляциялық комиссия және (немесе) Республикалық апелляциялық комиссия түсу (шығармашылық) емтиханының немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары топтары бойынша КТ нәтижелеріне шағымданатын адамның өтініші туралы шешім қабылдайды.

19. Магистратураға түсуші тұлғалардан апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке беріледі.

Өтініштер түсу (шығармашылық) емтихандары мен КТ нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

Апелляциялық комиссия әр тұлғамен жеке жұмыс істейді. Тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда, оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

КТ-ны қағаз форматта өткізу кезінде КТ өткізу пунктінде орналасқан апелляциялық комиссия КТ нәтижелерін апелляцияға берген тұлғаға балл қосу туралы шешім қабылдайды. КТ өткізу пункттеріндегі апелляциялық комиссия апелляцияны қарау нәтижелерін Республикалық апелляциялық комиссияға жібереді.

Республикалық апелляциялық комиссия апелляциялық комиссия ұсынысының негізділігін қарайды және апелляциялық комиссияның ұсынысы келіп түскеннен кейін бір күн ішінде КТ нәтижелеріне шағымданатын тұлғаның өтініші бойынша шешім қабылдайды.

КТ электрондық форматта өткізу кезінде түсуші апелляцияға тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде өтініш береді. Республикалық апелляциялық комиссия өтініштердің негізділігін тестілеу өткізілгеннен кейін күнтізбелік 3 (үш) күннен 5 (бес) күнге дейінгі аралықта қарайды.

20. Апелляциялық комиссия өтінішті қарау кезінде апелляцияға берген тұлға жеке басын қуәландыратын құжатты ұсынады.

21. Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және барлық комиссия мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

22. Түсу емтихандарын және КТ өткізу кезінде тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында КТ өткізу пункттеріне және ЖЖОКБҰ-ларға ҚР БҒМ өкілдері жіберіледі.

ОҚМПУ-ға оқуға қабылдау

23. Магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы Ережелердің 4-қосымшасына сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға кешенді тестілеу үшін 150 балдық шәкіліге сәйкес кемінде 50 балл, бұл ретте: шет тілі бойынша – кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы осы Ережелердің 5-қосымшасына сәйкес оқыту ағылшын тілдерінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 100 балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде – 25 балл, бұл ретте оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша магистратураға ақылы негізде қабылдау КТ және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихандардың нәтижелері бойынша 4-қосымшаға сәйкес кемінде 50 балл, бұл ретте: шет тілі бойынша – кемінде 25 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша әр шығармашылық емтиханнан - кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Әр шығармашылық емтиханнан ең жоғарғы балл – 35 балл.

24. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алу үшін КТ және (немесе) түсу емтиханының және (немесе) шығармашылық емтихандар бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады:

1) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық және бейінді магистратура үшін, оның ішінде шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары үшін 4-қосымшаға сәйкес – кемінде 75 балл;

2) оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратура үшін 5-қосымшаға сәйкес – кемінде 50 балл;

25. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша игерілмеген орындар, оның ішінде нысаналы орындар ЖЖОКБҰ арасында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тобы бойынша одан әрі қайта бөлу үшін өтінім түрінде білім беру саласындағы уәкілетті органдарға күнтізбелік жылғы 5 қыркүйекке дейін қайтарылады.

Бұл ретте, ең алдымен тиісті жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандары нәтижелерінің неғұрлым жоғары балл алған үміткерлері бар ЖЖОКБҰ-ның өтінімдері қанағаттандырылады. Аталған білім беру бағдарламасының тобы бойынша үміткерлер болмаған жағдайда, қайта бөлу тиісті жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары топтарының ішінде жүзеге асырылады. Дайындық бағыты бойынша үміткерлер болмаған жағдайда қайта бөлу білім саласының ішінде жүргізіледі. Игерілмеген орындарды қайта бөлу күнтізбелік жылғы 30 қыркүйекке дейін уәкілетті органның бұйрығымен бекітіледі.

26. ОҚМПУ білім беру саласындағы уәкілетті органға күнтізбелік 10 күн ішінде қабылдауды ұйымдастыру және өткізу бойынша қорытынды есепті, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға қабылдау туралы бұйрығының көшірмесін ұсынады.

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен ОҚМПУ-ға оқуға қабылдау

27. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурсқа қатысу үшін түсушілер университетке күнтізбелік жылдың 26 тамызына дейін:

1) өтініш (еркін нысанда);

2) білімі туралы құжат (түпнұсқа);

3) КТ және шет тілі бойынша түсу емтихандарының сертификатын немесе осы Ережелердің 14-тармағында көрсетілген бағдарламаларға тест тапсыру туралы сертификаттың көшірмесін (бар болған жағдайда) және білім беру бағдарламалары бойынша шығармашылық емтиханын тапсырғаны туралы балы көрсетілген үзіндіні (бар болған жағдайда);

6) еңбек кітапшасының көшірмесін (бар болған жағдайда);

7) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін тапсыруы тиіс.

28. Мемлекеттік білім беру тапсырысына конкурс КТ және/немесе білім беру бағдарламасының топтары бойынша түсу (шығармашылық) емтиханының балына сәйкес жүргізіледі.

1-қосымша

**ОҚМПУ Шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру
бағдарламалары топтарының тізбесі**

Білім бағдарламалар тобының коды	Білім бағдарламалар тобы	1-пән	2-пән
M035	Сән, дизайн	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау

2-қосымша

**GRE стандартталған тесттің халықаралық сертификатының
балдарын оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратурада
білім алу үшін КТ балдарына ауыстыру шкаласы**

GRE халықаралық стандартталған тест		Кешенді тестілеу	
Тест секциялары	"Педагогикалық ғылымдар" білім салаларына арналған арналған балдар	Тестілеу түрлері	Балл
Quantitative Reasoning	кемінде 155 балл	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	30
		Білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тест	70
Verbal Reasoning	145 балдан кем емес	Шет тілі бойынша тест	50
Analytical Writing	3 балдан кем емес		

**GRE стандартталған тесттің халықаралық сертификатының
балдарын оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу
үшін КТ балдарына ауыстыру шкаласы**

GRE халықаралық стандартталған тест		Кешенді тестілеу	
Тест секциялары	"Педагогикалық ғылымдар" білім салаларына арналғана арналған балдар	Тестілеу түрлері	Балл
Quantitative Reasoning	кемінде 155 балл	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	30
		Білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тест	70

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласы

Тест түрлері	Тапсырма нысаны	Тапсыру тілі	Тест саны	Балл
Шет тілі бойынша тест	Тыңдалым Лексика-грамматикалық тест Оқылым	Ағылшын/ Неміс/ Француз	50	50
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	Бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/ Орыс	30	30
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест *	Бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/ Орыс	30	30
	Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/ Орыс	20	40
Барлығы			130	150

* шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша магистратураға түсу үшін шығармашылық емтихандар тапсырылады.

Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 100 балдық бағалау жүйесінің шкаласы

Тест түрлері	Тапсырма нысаны	Тапсыру тілі	Тест саны	Балл
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	Бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/ Орыс/ АҒЫЛШЫН	30	30
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест	Бір дұрыс жауапты таңдау	АҒЫЛШЫН	30	30
	Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау	АҒЫЛШЫН	20	40
Барлығы			80	100

PHD ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

Жалпы ережелер

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті докторантурасына қабылдау туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде әзірленді (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылы 31 Қазанда № 17650 болып тіркелді). Осы Ереже докторантураның білім беру бағдарламаларына тұлғаларды қабылдау тәртібін анықтайды (1-қосымша).

1. Докторантураға магистр дәрежесі және кемінде 9 ай жұмыс өтілі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдік азаматтар қабылданады.

2. Шетелдік азаматтар мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде тегін оқуға арналған конкурсқа Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар мен келісімдерде көзделген жағдайларда ғана қатыса алады.

3. Шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау ОҚМПУ қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесудің нәтижесі бойынша күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады. Бұл ретте, шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбесіне сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 5 (бес) күнге дейін жүргізіледі.

4. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен танылады.

Шет тіліндегі құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге беріледі.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

5. Докторантураға қабылдау білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

6. Түсу емтихандарын өткізу және докторантураға қабылдау кезеңінде ОҚМПУ-да түсу емтихандарын қабылдау үшін пәндік емтихан және апелляциялық комиссиялар құрылады; эссені тексеру үшін жеке комиссия құрылады.

7. Емтихан комиссиялары даярлау бағыттарына сәйкес келетін мамандықтар бойынша (ғылым кандидаты, докторы) ғылыми дәрежесі немесе PhD докторы дәрежесі бар жоғары білікті қызметкерлер қатарынан құрылады.

8. Апелляциялық комиссияның құрамына төраға және комиссияның кемінде үш мүшесі кіреді. Жекелеген білім беру бағдарламасы бойынша емтихан және / немесе апелляциялық комиссия, сондай-ақ даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бірыңғай емтихан және / немесе апелляциялық комиссия құруға жол беріледі.

9. Емтихан және апелляциялық комиссиялардың құрамы ОҚМПУ ректорының бұйрығымен бекітіледі.

10. ОҚМПУ докторантурасына өтініштерді қабылдау күнтізбелік жылдың 3 шілдесінен бастап 3 тамызына дейін жүргізіледі. Докторантураға білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандары күнтізбелік жылдың 4 тамызынан 20-сына дейін өткізіледі.

Докторантураға қабылдау күнтізбелік жылдың 22-28 тамызы аралығында дейін жүргізіледі.

Докторантураға қабылдау тәртібі

11. Докторантураға түсуші тұлғалар 3 шілде мен 3 тамыз аралығында өңірлік тестілеу орталықтарында білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтиханын тапсыру үшін ҰТО сайтында тіркеледі.

12. Түсу емтиханын тапсыру үшін ҰТО сайтында тіркелуге 1 (бір) рет рұқсат етіледі; ҰТО сайтында қайта тіркелуге жол берілмейді.

13. Құжаттарды қабылдау ҰТО сайтында жүзеге асырылады, оқуға түсуші жеке деректерін толтырады, докторантураға түсу үшін 1 (бір) ЖОО және 1 (бір) білім беру бағдарламалары тобын таңдайды, түсу емтиханын тапсыру орнын таңдайды.

14. ҰТО өңірлер бөлінісінде түсу емтихандарының кестесін қалыптастырады. Түсу емтихандарын өткізу бағдарламалары мен кестелері оқуға түсушілердің назарына түсу емтиханы басталғанға дейін 3 (үш) күн бұрын жеткізіледі.

15. Докторантураға түсуші тұлғалар ОҚМПУ қабылдау комиссиясы немесе «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы құжаттарды тапсырады.

15.1 ОҚМПУ қабылдау комиссиясына келесі құжаттар ұсынылады:

1) ЖЖОКБҰ басшысының атына еркін нысандағы өтініш;

2) білім туралы құжат (құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде түпнұсқасы);

3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

4) шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат (ағылшын, француз, неміс) шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат (ағылшын, француз, неміс) International English Language tests System (IELTS, шекті балл кемінде – 5,5), IELTS INDICATOR (АЙЛТС Индикатор) шекті балл – кемінде 5,5, Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи) шекті балл – кемінде 460, Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT, шекті балл – кемінде 46), Test of English as a Foreign Language

paper-based testing, (TOEFL PBT, шекті балл – кемінде 453), Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau B2/B2 деңгейі), Test DaF– Pruefung (Niveau B2/B2 деңгейі), Test de Franzais international TM (TFI – оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес), Diplome d'Etudes en Langue franzaise (DELF, B2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue franzaise (DALF, B2 деңгейі), Test de connaissance du franzais (TCF – кемінде 50 балл);

5) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;

Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады.

6) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;

7) жұмыс орны бойынша кадр қызметімен расталған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы немесе еңбек қызметін растайтын өзге құжат;

8) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (ғылыми жарияланымдар, зерттеулер жүргізу жоспары, эссе және басқа құжаттар).

Осы тармақтың 4) және 7) тармақшаларда көрсетілген құжаттар көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

15.2 «Электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы арқылы келесі құжаттар ұсынылады:

1) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі және магистр дипломы (үш қосымшасы бар дипломдардың түпнұсқалары қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде университетке қабылданған кезде / қабылданғаннан кейін ұсынылады);

2) жеке басын куәландыратын құжат;

3) өлшемі 3x4 сантиметр 6 сандық фото;

4) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;

5) докторантураға түсушілер ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығына сәйкес шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын төмендегі халықаралық сертификаттардың бірін ұсынады:

шет тілінен тест тапсырғаны туралы электрондық сертификат (ағылшын, неміс, француз тілдері) шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат (ағылшын, француз, неміс) International English Language tests System (IELTS, шекті балл кемінде – 5,5), IELTS INDICATOR (АЙЛТС Индикатор) шекті балл – кемінде 5,5, Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи) шекті балл –

кемінде 460, Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT, шекті балл – кемінде 46), Test of English as a Foreign Language paper-based testing, (TOEFL PBT, шекті балл – кемінде 453), Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau B2/B2 деңгейі), Test DaF– Prüfung (Niveau B2/B2 деңгейі), Test de Franzais international TM (TFI – оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес), Diplome d'Etudes en Langue française (DELFL, B2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue française (DALF, B2 деңгейі), Test de connaissance du français (TCF – кемінде 50 балл);

6) жұмыс орны бойынша кадр қызметімен расталған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы немесе еңбек қызметін растайтын өзге құжат;

7) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (ғылыми жарияланымдар, зерттеулер жүргізу жоспары, эссе және басқа құжаттар).

16. Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ-ны аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде осы тармақта көрсетілген шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынбайды.

17. «Педагогикалық ғылымдар» даярлау бағыты бойынша түсуші тұлғалар осы ережелердің 2-қосымшасына сәйкес балдармен Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) GRE стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда докторантураға түсу емтиханынан босатылады.

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы және жарамдылық мерзімі ОҚМПУ қабылдау комиссиясымен тексеріледі.

Түсу емтиханын өткізу рәсімі

18. Докторантураға түсу емтиханы қағаз немесе компьютерлік форматта өткізіледі.

Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қағаз форматтағы түсу емтиханын 1-қосымшаға ОҚМПУ дербес өткізеді. Бұл ретте, түсуші тұлғалар докторантура білім беру бағдарламасының тобы бойынша түсу емтиханын ОҚМПУ-да ғана тапсырады.

Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша компьютерлік форматтағы түсу емтиханы 1-қосымшаға сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізіледі.

19. Докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханы:

1) эссе жазудан;

2) докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тесттен;

3) білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптардан тұрады.

3-қосымшаға сәйкес қорытынды баға эссе, докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына берілген жауаптар нәтижелерінің қосындысынан алынған балдар жиынтығынан тұрады.

Докторантураға түсу емтиханына 4 сағат беріледі.

20. ОҚМПУ Ғылыми кеңесі эссе тақырыптарын, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша сұрақтарды түсу емтихандары басталғанға дейін екі ай бұрын бекітеді және ОҚМПУ-дың ресми сайтында Ғылыми кеңес бекіткен эссе тақырыптарын, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша сұрақтарды орналастырады.

22. Үміткерлер түсу емтиханын өз таңдауы бойынша қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде тапсыра алады, бұл ретте емтиханның барлық блоктары таңдап алынған тілдердің бірінде болуы тиіс.

23. Эссе – бұл ғылыми білімнің тұжырымдамалары мен аналитикалық құралдарын қолдана отырып, өздігінен жүргізілген талдау негізінде қойылған мәселе бойынша авторлық ұстанымның дәлелді жазбаша мәлімдемесі.

Мақсаты – теориялық білім, әлеуметтік және жеке тәжірибе негізінде өз дәлелдерін құру қабілетінде көрсетілген аналитикалық және шығармашылық қабілеттердің деңгейін анықтау.

Эссе түрлері: зерттеу іс-әрекетіне ынталандыру себептерін ашатын мотивациялық эссе, жоспарланған зерттеудің өзектілігі мен әдіснамасын негіздейтін ғылыми-аналитикалық эссе, пән саласындағы ғылыми білімнің әртүрлі аспектілерін көрсететін проблемалық / тақырыптық эссе. Университетке білім беру бағдарламалары тобына байланысты эссе түрлерін өз бетінше анықтау ұсынылады.

Эсседе графикалық нысандар, символдар мен формулалар болмауы керек. Эсседегі сөздердің ұсынылатын саны – 250-300.

23. Эссені бағалау критерийлері ОҚМПУ-да әзірленеді. Бұл ретте мынадай критерийлерді негізге алу ұсынылады: теориялық білім негізінде тақырыпты ашудың тереңдігі мен толықтығы, дәлелдеменің қисындылығы, дәйектілігі мен дәлелділігі, баяндаудың композициялық тұтастығы, академиялық жазу деңгейі (лексика, ғылыми терминологияны білу, грамматика, стилистика).

24. Докторантурада оқуға дайындығын анықтау тесті логикалық және сыни ойлау деңгейін анықтайды. Тест тапсырмаларын ҰТО әзірлейді. Максималды балл – 30.

25. Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан 3 сұрақ блогын қамтиды, оның ішінде: 1-сұрақ теориялық білімнің деңгейі мен жүйелілігін айқындайды; 2-сұрақ функционалдық құзыреттердің қалыптасу дәрежесін анықтайды; 3-сұрақ жүйелік құзыреттерді анықтауға бағытталған. Ең жоғарғы ұпай саны – 50.

26. Оқуға түсуші тегін, атын және әкесінің атын (бар болған жағдайда), ОҚМПУ және білім беру бағдарламалары тобы көрсетілген сауалнаманы толтырады және эссе жазуға көшеді, докторантурада оқуға дайындық тестінен өтеді, кездейсоқ түрде таңдалған білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жазбаша жауап береді және жұмыс нәтижелерін университетке жібереді. Дайындық тестінің нәтижелерін ҰТО өңдейді.

ОҚМПУ емтихан комиссиясы жұмыстарды түсушінің жеке коды бойынша тексереді және қарау нәтижелерін ақпараттық жүйе арқылы ҰТО-ға нәтижелерді одан әрі жариялау үшін жібереді.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган нәтижені түсу емтиханы өткізілген күннен кейін келесі күні ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы хабарлайды.

27. Оқуға түсушілер түсу емтихандарының келесі күні түсу емтихандарының нәтижелерімен Жеке кабинеттегі хабарлама арқылы таныса алады.

Апелляция өткізу рәсімі

28. Түсу (шығармашылық) емтиханының нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарастыру үшін ОҚМПУ-да апелляциялық комиссиялар құрылады. ОҚМПУ апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

29. Апелляцияға өтініш үміткердің жеке кабинеті арқылы өңірлік тестілеу орталықтарында түсу емтиханының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады.

30. Апелляцияға берілген өтініштерді ОҚМПУ апелляциялық комиссиясы өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

31. Докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша апелляцияны ҰТО Республикалық апелляциялық комиссиясы тест тапсырмаларының мазмұны және техникалық себептер бойынша докторантураға түсетін тұлғалардан қарайды.

32. Эссе және бейін бойынша емтихан нәтижелері бойынша апелляцияны ОҚМПУ апелляциялық комиссиялары жүргізеді.

33. Апелляцияға өтінішті қарау нәтижелері үміткердің жеке кабинетіне орналастырылады.

Докторантураға қабылдау тәртібі

34. Докторантураға тұлғаларды қабылдау түсу емтиханының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

35. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантурада білім алу үшін түсу емтиханынан кемінде 75 балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады.

36. Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда докторантураға қабылдау кезінде білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан бойынша неғұрлым жоғары баға алған адамдар басым құқыққа ие болады.

37. Бейінді емтихан үшін көрсеткіштер бірдей болған жағдайда білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін эссе, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест балдары, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес ғылыми жетістіктері: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде Clarivate Analytics компаниясының Web of science деректер базасының Journal Citation Reports деректері бойынша соңғы күнтізбелік 3 жылдағы 1, 2 квартильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдардағы жарияланымдар; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендияларды, гранттарды тағайындау туралы сертификаттар; ғылыми конференцияларға және конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар/дипломдар ескеріледі.

38. Докторантураға тұлғаларды қабылдау шет тілін меңгерудің жалпы-еуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификатының негізінде және білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша мүмкін болған 100 балдан кемінде 50 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

1-қосымша

ОҚМПУ докторантурасы білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі

Білім беру бағдарламасы тобының нөмірі	Докторантура білім беру бағдарламасы тобының атауы
D003	Пәнсіз мамандандырылған педагогтерді даярлау
D008	Кәсіптік оқыту педагогтерін даярлау
D010	Математика педагогтерін даярлау
D011	Физика педагогтерін даярлау
D012	Информатика педагогтерін даярлау
D013	Химия педагогтерін даярлау
D014	Биология педагогтерін даярлау

D016	Тарих педагогтерін даярлау
D017	Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау
D018	Орыс тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау

2-қосымша

**GRE стандартталған тесттің халықаралық сертификатының
балдарын докторантураға түсу емтиханы балдарына ауыстыру
шкаласы**

GRE халықаралық стандартталған тест			Түсу емтихандары	
Тест секциялары	"Педагогикалық ғылымдар" білім салаларына арналған, "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	"Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар", "Инженерлік, өңдейтін және құрылыс салалары" білім салаларына арналған, "Бизнес және басқару" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар		Балл
Quantitative Reasoning	кемінде 159 балл	кемінде 164 балл	Білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша түсу емтиханы	100
Verbal Reasoning	149 балдан кем емес	145 балдан кем емес	Жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат	100
Analytical Writing	3 балдан кем емес	2 балдан кем емес		

Докторантураға түсуге арналған бағалау жүйесінің 100-балдық шкаласы

Тест түрлері	Балл
Эссе	20
Докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	30
Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтары	50
Барлығы	100